

Г.Қ. Құрманғали¹, Ашраф Мохамед Аттия Абддоу²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Айн Шамс университеті, Каир, Египет

(E-mail: guka_1979@mail.ru)

Құранмен астастыра жырлаған орта ғасырдағы әдеби жәдігерлер

Мақалада қазақ әдебиеті тарихында орта ғасыр поэзиясының орны ерекше екені анықталып, түркі әдебиетінің идеялық-көркемдік маңызы сөз болады. Орта ғасыр шығармаларына өзек болған сол замандағы заман ахуалы, адамгершілік мәселелер, жеке тұлғаның ықылас-пейілінің өзгеруі және тағы да басқа тақырыптар талданған. Соның ішінде орта ғасырда жазылған әдеби жәдігерлерге Құранның әсері жан-жақты қарастырылған. Орта ғасырдағы әдеби жәдігерлердің негізгі айтар ойы халыққа ислам дінін түсіндіріп, рухани тазалыққа шақыру нақты мысалдармен көрсетілген. Ислам діні орта ғасырдағы түркі әдебиетінің жаңа арнада дамуына әсер еткен, соның көрінісі сол дәуір шығармаларында Құран аяттары мен пайғамбар хадистері орынды пайдаланылғаны анықталған. Қарахан дәуірінде жазылған шығармалардың басты тақырыбы болған дидактикалық мәселелерді орта ғасыр ақындары қалай жырлағаны анықталып, оның түркі әдебиетінің дамуына қаншалықты үлес қосқаны айқындалған.

Кілт сөздер: орта ғасыр әдебиеті, дидактикалық шығарма, түркі ақыны, дастан, діни әдебиет, үгіт-насихат, шығыс поэзиясы, Құран, суреттеу, адамгершілік мәселелер.

ҮІІІ ғасырда пайда болған ислам діні ғылымның бар саласына өз әсерін тигізді. Қарахан әулеті билеген кезеңге тұспа-тұс келетін уақытта мұсылман мәдениетін түркі халықтары арасына таратуда ақындар өз үлестерін қосқаны белгілі. Ғылым, білім, мәдениеттің барлығы дінмен біте қайнасып жатқан тұста әдебиеттің жаңа ағымдары пайда болды. Сыршыл ақындардың толғаныстарында терең мағына, философиялық-дидактикалық ойлар бой көрсетті. Бұл салада толғау, үлгі-насихат айту сол заманның жаңалығы болып есептеледі. Сөз болып отырған дәуірге түркі әдебиетінің «алтын дәуірі» деген атау лайық. Көне гректер мен шығыстың мәдениеті, әдебиеті, философиясымен жете таныс болған ғалымдар мен ақындардың өмір сүрген уақыты Шығыстағы жаңашылдыққа тура келеді. Бұл кезеңді Ә.Қоңыратбаев Шығыс ренессансы деп атап, былай деп анықтама берген: «Ескі түркі жазбаларының бүкіл Орта Азия, Алтай және Қазақстан тайпаларына ортақтығын айта отырып, біз оны шығыс ренессансының алғашқы көрінісі болғанын да баса көрсетуіміз шарт. Шығыстағы ренессанстық құбылыстың атасы әл-Фараби, әл-Бируни, әл-Хорезми, ХҮ ғасырда Ұлықбек, Науаилер болса, осы екі аралықта толып жатқан ақын-шайырлар мен ғұлама ғалымдар болған» [1; 41]. Негізінде Қайта өрлеу кезеңі Батыста ХҮ ғасырда пайда болса, Шығыс әдебиетінде оның тамыры тереңде жатыр. Міне, осындай уақытта өмір сүрген ой еңбегімен айналысатын дарын иелері әртүрлі салаларда жасаған жаңалықтарымен болашақ өркениеттің негізін салуға, өз дәрежелерінде ғылымды белгілі бір дәрежеге көтеруге тырысты. Осындай алтын ғасырға түркі ғалымдары, дарын иелері мен ақындары өз үлестерін қосқанын мақтанышпен айтуға болады.

Қай халықтың әдебиет тарихын алып қарасақ та, бірде дәуірлеген, бірде құлдыраған тұстары кездеседі. Демек, түркі әдебиетіндегі Х-ХІІ ғасырлар дамудың алғашқы баспалдағы саналады. Сол ғасырларда туындаған діни, философиялық, дидактикалық шығармалар адамзат өркениетінің өлмес қазыналарының баға жетпес асыл мұралары болып табылады.

Түркі даласына ислам дінінің таралуы елдің тарихына, тұрмыс-тіршілігіне ғана емес, әдебиет әлеміне де мүлдем жаңа бағыт әкелді. Көне дәуір әдебиетіндегі жаңа кезең, ондағы өзгерістер туралы С. Сейфуллин: «Қазіргі қазақ атаулы рулардың мұсылман діні кірген уағында, тұрмысына едәуір жаңалықтар, едәуір өзгерістер кірген сияқты. Тұрмысына өзгеріс кірген соң елдің салт-санасына да, тіліне де өзгерістер кірген сияқты» [2; 58], — дейді. Қарахандық ақындар өздеріне дейін аз жырланған білім, ғылым, тәрбие, жақсы мінез-құлық сынды мәселелерді кеңінен қамтыған. Бұған дейінгі әдебиетте адамгершілік мәселелер тек шығарма ішінде ғана кездескені болмаса, бастан-аяқ тәлім-тәрбиені басты нысана етіп жырлаған дастан жоқ десе де болғандай. Адамгершілік, жеке адамдардың қарым-қатынасы, өзін-өзі ұстау, ақылдылық, сабырлылық тағы да басқа тақырыптарды

жырлап, оны ислам діні тұрғысынан халыққа түсіндіруге тырысады. Міне, осындай жағдайлар дидактикалық сарындағы әдебиеттің пайда болуына негіз болды.

Орта ғасырдағы түркі әдебиетінде үш түрлі бағыт болған. Олар: 1) Құранмен астастыра жырлаған дидактикалық әдебиет; 2) Сопылық әдебиет; 3) Қайта өрлеу әдебиеті [3; 16]. Орта ғасыр шығармаларының дені осы үш бағыттың алғашқысы — діни-дидактикалық әдебиетке жатады. Себебі, аталған кезеңдегі әдеби жәдігерлер тұнып тұрған Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне негізделген. Ақындар мұсылман шарттары арқылы көпшілікке адал болуды, надандықтан, сарандықтан сақтануды, білімді қадірлеуді, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуді уағыздап, үгіт-насихат айтады. Ислам дінін басты нысана етіп ұстанған орта ғасыр шайырлары міне, осындай тақырыптарда жырлап, болашаққа өте құнды дастан жазып қалдырған.

Түркі әдебиетінде таза дидактикалық тақырыпта жырлаған дастандар Х-ХІІ ғасырлардан бастап негізін сала бастады. Қарахандық әдебиетте кеңінен тараған дидактикалық шығармаларда көбінесе философиялық, тәрбиелік, адамгершілік мәселелер сөз болады. Жүсіп Баласағұн да, Ахмет Йүгінеки де адамдарға тура жол сілтеп, жақсы мен жаманды айыруды, күнделікті өмірге қажетті пайдалы кеңестерді баяндайды.

А.Байтұрсынұлы жазба әдебиетті діндар дәуірі, екіншісі ділмәр дәуірі деп екіге бөліп зерттеген. Алғашқы дәуірді төмендегідей түрлерге бөліп қарастырады: «Діндар жағының басымдығымен айрылатын түрлері мынау: қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме» [4; 319]. Ғалымның зерттеуіне жүгінетін болсақ, орта ғасырда өмір сүрген ақындардың шығармалары діндар дәуіріндегі насихат (үгіт) түріне жатқызуға болады. Себебі білімділік пен надандық, жомарттық пен сарандық, игі мінез бен жарамсыз қылық, сабырлылық пен ашудың зияны мен пайдасын жырлаған орта ғасыр шайырлары болашақ ұрпаққа үгіт-насихат айтады.

Орта ғасырда жазылған әдеби шығармалар Көк Тәңірге сыйынған түркі елін біртіндеп Ислам дініне қарай бұру арқылы оның қағида-шарттарын насихаттауды алдына мақсат етіп қояды. Міне, осындай көркем туындылар қатарына Х-ХІІ ғасырларда өмір сүрген Ж.Баласағұнның «Құтты білігі», А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы», А.Иасауидың «Даналық кітабы» жатады. Олар өз шығармаларында мұсылман дінін насихаттау арқылы адамзатқа тура да әділ жол сілтейді, тәрбиелі, иманды, өнегелі болуды үндейді.

Бір бөліп айтарлық мәселе: осы «Ақиқат сыйы» дастанына Құран Кәрімнің тигізген әсерінің молдығы дер едік. Ахмет Йүгінеки дастанының алғашқы сөзі «Бисмил-лаһир рахман ир-рахим» деп Алла-Тағаланы мадақтаумен, оған шүкіршілік айтумен басталуының өзі осының айғағы. Бұл сөз — Құранның кілті. Сол себепті мұсылман дінінің кереметін, жақсылығын түсінген әрбір ақын өз шығармасын рақымды да мейірімді Алланың атымен бастауды өздеріне міндет санаған. Х-ХІІ ғасырдан бастап, Алтын Орда мемлекеті тұсындағы шайырлар, тіпті, бүгінгі дейінгі көркем сөз шеберлерінің кейбірінің мұндай тәсілмен шығармаларын бастамағаны кемде-кем.

Жүсіп Баласағұн: «Бісмилләхи-р-рахмани-р-рахим!

Әзиз, уә, күллі ұлылықтың иесі, жер мен көкті жаратқан, тірі жанның бәріне ризық берген құдіреті күшті тәңірге ырзамыз. Әрі ол атақ-даңққа бөлене берсін!» [5; 38], — деп, әрбір бөлімінде жаратқанға жалбарынып, шүкіршілік етіп отырады. Шығармасын Алланың атымен бастап, құдіретіне бас иеді. Ал, Махмұт Қашқари «Диуани лұғат-ит-түрк» сөздігінде тура Құрандағыдай «Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын» дейді» [6; 29]. М.Қашқари өз сөзінен бұрын Алланың сөзін қойып, Одан медет сұрайды, Оған шүкіршілік айтады.

Шығармасын мұндай үлгімен бастау үрдісі Алтын Орда тұсында жазылған Хорезмидің «Мұхаббат-намасы», Құтыбтың «Хұсрау-Шырыны», Сайф Сараидың «Гүлстан би-т-түркийі» және тағы басқа шығармаларда жалғасын табады.

Ей, айташы, алланы айт,
Аты жақсы құдайды айт,
Төрт шадияр, Мұстафа,
Мұсқап ашқан ғаламды айт.
Тәңірім сөзі бұрқанды айт,
Кәлим алла — құранды айт,
Тәңірім салса аузына,
Жан жолдасың иманды айт [7; 172], —

деп бертінде өмір сүрген Бұқар жырау да алғы сөзін Құдайдың атымен бастаған. Алланы аузына ала отырып, жырау төрт сахаба мен Мұхаммед пайғамбарды өлең жолдарына қосады. Тура Құран сөзімен бастамаса да, қазақ ақындары өз түсінігіне сай етіп жырлаған.

XIX ғасырда өмір сүрген Қожабай Токсанбайұлы да әуелі сөзін Алладан бастап, оны дәріптеп жыр арнаған:

Пісімлла, әуел, алла, сөздің басы,
Пісімлла, деген сөзім діннің қасы.
Сөйлеп қал өлмей тұрып қызыл тілім,
Келмейді екі елуге ердің жасы

Иа, алла, қате кетсек, ғапу айла,
Ғаламның он сегіз мың падишасы.
Һар һалы затың ұлық падишасын
Күнасын пенделердің жарылқашы [8; 208]

Демек, мұндай үрдіс тек орта ғасыр мұраларында ғана емес, қазақ әдебиетінде әлі де жалғасын тауып келе жатыр. Бұл ежелгі жырлар мен бүгінгі көркем шығармалардың арасындағы дәстүр сабақтастығы болып табылады.

Ахмет Йүгінеки:

Йә, жаратушым, шексіз мадақ айтам саған,
Сенің мейірім-шапағатыңнан үміт етемін.
Мақтау айтуға лайық па бұл тілім,

Шамам келгенше, айтайын, жәрдем бер маған [9; 21] –

деп Алланы мадақтай отырып, оның мейірім-шапағатынан үміт етеді. Құдіреті күшті Алла-Тағаланы өзі жаратқан он сегіз мың ғаламда мадақтамайтын, оны мойындамайтын тіршілік жоқ екенін тілге тиек етеді. Жанды-жансыз, яғни ұшқан құс, жүгірген аң құдайдың барлығына куә, олар да өздерінше жаратқанына бас иіп, шүкіршілік айтады.

Ақын «Кама қала Аллаһ Та'ала ихрижу л-һайиа мин ал-майити уа иухрижу л-майита мин ал-һайиа» /Алла-Тағала былай деген: Тіріні өліден шығарамын, өліні тіріден шығарамын/, — деген аятты өлең жолдарына қосып, қарапайым тілмен түсіндіреді. Йүгінеки — Алланың сипаттарын өлең шумақтарына көркем тіл, бейнелі сөзбен сипаттап бере білген көркем суреткер. Бұл туралы Р.Бердібаев былай деген: «Түркістан топырағында туған кемеңгер ақын дін, шариғат білімдерін терең үйренгені дастанның әрбір шумағынан дерлік байқалады. Құран сөздері мен пайғамбар хадистерінде тұнып тұрған поэзия бар екенін әліппе оқытқандай, үйреткен Ахмет Йүгінекиді дін насихатшысы деуге болады» [10; 20]. Дастан тұнып тұрған ислам қағидалары, сол себепті оның діни мазмұны басым.

Ақын алғашқы сөзін қайырымды да мейірімді Алланың атымен бастаса, келесі жолдарда ең соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.с.) салауат айтумен жалғастырады:

Енді Алланың сүйіктісінің жақсы жақтары туралы бірнеше бәйіт тыңда,
Ақыл-ойыңа салып, сөзімді аңда.
Ол тумысынан игі, адамның бақыттысы,
Жаратқандарының ішінде оған тең келетін жоқ [9; 22].

Шығыс әдебиетіне тән дәстүрді бұзбай, пайғамбарды өлең жолдарына қосқан автор оның қасиеттерін «ақыл-ойға салып» ұғуға шақырады. Йүгінеки өзге пайғамбарларды жарқын жүзге, Мұхаммед (с.а.с.)-ды сол жүзде орын алған көзге теңейді. Немесе екінші тармақта оларды қызыл шырайлы бетке, ал пайғамбарды бетке жарасып, ерекше көрік беріп тұрған меңге балайды. Автор пайғамбардың қасиеттерін өзінше көркем тілмен жырлап, оған деген құрметін осылайша білдіреді.

Көне дәуірден жеткен көркем мұраларда халықты рухани тазалыққа шақырып, ислам діні талаптарына сәйкес өркениетке үндейді. Орта ғасыр шайырлары адамның теріс жолға түсіп, бейбастықтың көбейіп, жалған дүниенің қызығына алданып, басты нәрсені ұмытқанын зарлана отырып жырлайды. Олардан аулақ болып, тазалыққа ұмтылуға, мәңгілік нәрсені иеленуге шақырады. Бұл шығармалардың негізгі айтар ойы халыққа ислам дінін түсіндіру, адамгершілік мәселелерді насихаттау: «Унинг достони хам туркий элатларга исломий одоб қоидалари, маънавий-ахлокий камолот сирларидан таълим беришга мужаллаган» [11;151].

Көркем сөз шеберлерінің көтерген тақырыптары мен идеясы қарапайым халықты оқу-білімге шақыру, имандылық пен әдептілікке үндеу, адамгершілік, моралдық ұғымдар мен жақсы мінез-құлық жайында өсиет-ойлар айту болып табылады. Олар өз шығармаларында күнделікті тіршіліктегі қарапайым мәселеге дейін жете мән бергені айқын аңғарылады. Ақындар өз ойларын Құран аяттарымен өзара ұштастыра отырып, өлең жолдары арқылы мейлінше шеберлікпен жеткізе білген. Әсіресе, оқу-білім жайлы сөздері терең де мазмұнды. Мысалы, «Білгеніңді үйрету парыз» деген сөзді берік ұстанған Ахмет Йүгінеки өзі үйренген пайдалы ілім-білімді замандастарына, болашақ ұрпаққа үйретіп, санасына сіңіруге тырысады.

Ақынның алғашқы сөзін оқы, біл, үйрен деп бастауы бекер емес. Адамның өмірдегі мақсаты не? — деген сұраққа Әдиб Ахметтің жауабы — Алланы тану. Құрандағы: «Әр адамның мақсаты — Алланы тану» деген сөзді басты қағида етіп алып, оның құралын іздей бастайды. Ол — білім. Бұл дүние құбылыстарын діни тұрғыдан түсінуге және түсіндіруге тырысқан Йүгінеки оқу-білім арқылы Алланы тануға шақырады, сол арқылы бақытқа жетуге болатынын шебер баяндайды. Алла-Тағала Жәбірейіл періште арқылы Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарға жеткізген алғашқы сөзі де: «Оқы! Алланың атымен оқы!» деп басталатыны бәрімізге мәлім. Міне, ақынның негізгі бөлімінің беташары білімнің пайдасын айтумен бастауы Құраннан алған үлгісі деп білеміз. Ақынның білімнің пайдасы жайындағы ой-толғаныстары Құран-Кәрімнің бірқатар сүрелерінде кездесетін мынадай аяттармен үндеседі: «Алла-Тағала сендерден иман келтіргендердің және ғылым бергендердің дәрежелерін көтереді» (Мужадлә 58:11), «(Мұхаммед), Білгендер мен білмегендер тең бола ма?» (Зүмәр 39:9). Яғни, Құранды жақсы білген Ахмет Йүгінеки ислам дінінің халыққа қажетті барлық тұстарын қамтып, дүйім жұртқа қарапайым тілде дінді жете түсіндіруге өз күшін салған. «Білімді Қытайдан болса да, үйрен», — деген пайғамбардың хадисін биік шырақ етіп ұстап, төмен құлдырамай жоғарыға, биік мақсаттарға ұмтылуға шақырады.

Түркі тіліндегі дидактикалық шығармалардың негізін салған Жүсіп Баласағұн шығармасының да іші толған білімнің пайдасы мен надандықтың зияны жайлы үгіт-насихат. Білімдіні білімсізден жоғары қойып, тіпті, сауатсыз кісімен тіл табыса алмайтындығын ақын жыр өзегіне айналдырады.

Бұл сөзімді білімдіге арнадым,
Білімсіздің тілін ұға алмадым.

Білімсізбен ешбір сөзім жоқ менің,
Ей, білікті, қызметшіңнің мен сенің...

Ақыл, білім ең өз нәрсе, күшті, нық,
Егер болса, істет, ұшып көкке шық! [5; 68–69], —

деп Баласағұн алғашқы тарауын білім туралы жырлаумен бастайды. Бастауы кең бұлақтың көзі тартылмайтыны сияқты білімді адамның нұрлы сөзінің де сарқылмайтынын тілге тиек етеді.

Ал, Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғати-т-түрк» атты сөздігінде де оқу-білім туралы нақыл сөздер жиі кездеседі. Халық арасынан жинаған өлең шумақтарында білім жолында жалғыз қасқа атынды да құрбан етуден аянып қалмау туралы айтылады. Сонымен бірге, білім алуда қандай ауырлыққа тап болса да төзу тиіс, сонда ғана таусылмас рухани байлыққа кенеледі деген өнегелі ой тастайды [6; 113]. Қарахандар дәуірі тұсында өмір сүрген М.Қашқари, Ж.Баласағұн, А.Иасауи және А.Йүгінеки еңбектерінде білім алу мәселесі бірінші сатыға қойылғаны айқын аңғарылады.

Шығыс дүниетанымы бойынша бұл дүние — жалған, бәрі уақытша нәрсе. Діни қағида-шарттарды берік ұстанған шығыс халықтары дүниені өзгертуге талаптанбайды, оны мақсат етпейді. Ал, адамды өзгертуге болады. Білімнің нәрімен сусындаған әрбір жеке тұлға жоғары көтеріледі, білімсіз надан төмен құлдырайды. Міне, жеке тұлғаның өсу жолы мен құлдырау жолдарын ақын айқын ашып түсіндірген және ол өте сәтті шыққан.

Қарахан дәуіріндегі өмір сүрген ақынның бірі Иасауи да бұл дүние мәңгілік емес дейді. Автор ажалды төрт аяқты шабан атқа теңеп, одан ешкім қашып құтыла алмайтынын көркем суреттеген. Ақын жинаған малдан ешқандай пайданың жоқтығы, ажал жеткен күні олардың барлығы қалатыны туралы былай дейді:

Білгейсің бұ дүние барша елден өтер,
Малға да сенбе, бір күні қолдан кетер.
Ата-ана, қарындас қайда кетті деп ойлап көр,
Төрт аяқты шабан ат бір күні саған жетер [12; 38].

Ал, Йүгінеки адам қателіктерінің басы — сырты жылтыр әлемнің ішкі сорақылығын білмеу дейді. Сырты жылтыр бұл жалғанды сиқырлы сұр жыланға теңейді: «Бұл дүние — жылан. Жыланның көзін жой, Сипағанға жұмсақ, бірақ іші тола у». Сырттай қарағанда осы дүниенің аса тәтті, ал ішкі сырын ақтарғанда одан мың пәлені кездестіруге болатынын Йүгінеки тамаша суреттеген.

Дидактикалық тақырыпта толғаған «Ақиқат сыйы» дастанында қоғамдағы адамдардың жақсы қарым-қатынаста болу үшін, әдепсіздік, дөрекілік, екіжүзділік, надандық және тағы басқа теріс мінез-құлықтардан арылудың қажеттілігін түсіндіруге тырысады, оған баса назар аударады. Сондықтан, орта ғасыр ақыны адам бойындағы жақсы қасиеттерді мадақ тұтып ардақтайды. Ақын әдептіліктің басы — тілге сақ болу, өсек-өтіріктен сақтану, дұрыс ойланып сөйлей білу дей келе: «Тілінді тый — сонда тісің сынбайды, Жөнсіз шыққан тілден тісің қағылар» деп тілге бір тарау арнаған. Бұл жерде ақын тіл өнері жайында бірнеше жыр дестелерін келтіреді. Орта ғасыр шайыры сөздің қадірін кетірмей ойланып сөйлеу керектігін шебер баяндайды. Жақсылық та, жамандық та тілден туындайтынын ескерте отырып, автор Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың хадисін сөзінің дәлелді шығуы үшін өлең жолдарына айналдырған:

Тілінді бақ. Аз болсын сөзің,
Тілінді бақсаң, боларсың аман өзің.
Пайғамбар: «Адамның жүзін отқа күйдіретін,
Тіл» деді. Тілінді тарт. Сақтан оттан өзің [9; 28].

Қоғамның күнделікті тұрмыс-тіршілігінің әрбір құбылысына, мәніне терең бойлап, өз түйіні, айқын көзқарасы, пайымдауы бар Жүсіп Баласағұн да «Құтадғу білік» дастанының жетінші тарауын «Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда, зиянына» арнаған:

Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кететұғұн бас болар.

Көп сөйлеуден артық пайда көрмедім,
Және сөйлеп, және ештеңе өнбеді.

Біліп айтқан сөз — білікті саналар,
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар.

Көп сөйлеме, аз айт бір-ер түйірін,
Бір сөзбен шеш күмән сөздің түйінін [5; 64, 65].

Орта ғасыр ақыны өз қадірінді кетірмей, сөзді бағып, бастың кесіліп, тістің сынып қалмауын қадағалау керек дейді. «Құтадғу білікте» автор тілдің адамға тигізетін жақсы мен жаман жақтарын әр қырынан ашып, көркем сөздермен сипаттайды. Осындай өлең жолдарынан біз орта ғасырдың өзінде-ақ оқымысты ғалымдардың тіл өнеріне қаншалықты мән бергенін аңғарамыз. Демек, бұл дүниеде байлық жинап, ішіп-жеуден баз кешіп, құдай жолына түскендерге күнәдан арылудың бір жолы тілді тыю екен. Құдайды таппай, теріс жолға түскендерді дұрыс бағытқа бастайтын да, адасуға итермелейтін тіл дейді.

Орта ғасырда өмір сүрген шайырлардың туындыларын дінмен байланыстыра жырлауы олардың ерекше бөліп айтарлық артықшылықтары деп есептейміз. Түркі шайырлары араб тіліндегі Құран-Кәрімнің негізгі ой-тұжырымдарын түркі халықтарына түсінікті, көркем әрі бейнелі өлең жолдарымен жеткізуді мақсат етті және ол іске асты. Сол арқылы олар мұсылман дінінде бар мәселелерді, атап айтар болсақ, адам баласын адамгершілік пен ізгілікке, имандылыққа үндеп, рухани тазалыққа шақыру арқылы қамтуға тырысқан. Демек, орта ғасырда өмір сүрген ақындардың шығармалары өнеге, тәрбие берерлік қағидаларға толы деп сенімді түрде айта аламыз.

Қорыта келгенде айтарымыз, осындай ақындар әр кезеңде әдебиетті жасайды да дамытады. Егер олар болмаса, өлеңнің сырын, мәнін түсіндіретін жандар сарқылып азаяр еді. Осындай көркем сөз шеберлерінің құнды туындыларының арқасында өткен әдебиетіміз тамырын терең жайып отыр деп сенімді түрде айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы / Ә. Қоңыратбаев. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 288 б.
- 2 Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті / С. Сейфуллин // Шығармалар. — 6-т. — Алматы: Жазушы мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964. — 455 б.

- 3 Ганиева Р. Татарская литература (традиции, взаимосвязи) / Р. Ганиева. — Казань, 2000. — 320 с.
- 4 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы / А. Байтұрсынұлы. — I т. — Алматы: Алаш, 2003. — 408 б.
- 5 Жүсіп Баласағұн. Құтты білік / Ж. Баласағұн; қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен түсінігін жазған А. Егеубай. — Алматы: Жазушы, 1986. — 616 б.
- 6 Махмұт Қашқари. Түрк тілінің сөздігі («Диуани лұғат-ит-түрк»). — 1-3 т. — 1-т. / М. Қашқари; қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен түсінігін жазған А. Егеубай. — Алматы: Хант, 1997. — 592 б.
- 7 Алдаспан. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалар жинағы / Құрастырған М. Мағауин. — Алматы: Жазушы, 1971. — 278 б.
- 8 XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. — Алматы: Ғылым, 1985. — 320 б.
- 9 Ахмет Иүгінеки. Ақиқат сыйы / А. Иүгінеки; Түпнұсқаның фотокөшірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэзиялық аудармасы. Баспаға дайындағандар: Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықов. — Алматы: Ғылым, 1985. — 152 б.
- 10 Егеубаев А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі (X–XII ғасыр: көркемдік-эстетикалық ізденістер мен түрленулер): моногр. / А.Егеубаев. — Алматы: АБА «Айкос», 1999. — 209 б.
- 11 Маһмудов Қ. Аһмад Югнакийнинг «фибатул һақайик» асари һакида / Қ.Маһмудов — Ташкент, 1972. — 300 б.
- 12 Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет / Қ.А. Иасауи; қазақ тіліне түсіргендер: М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. — Алматы: Мұраттас, 1993. — 262 б.

Г.К. Курмангали, Ашраф Мохамед Аттия Абддоу

Влияние Корана на литературные памятники средневековья

В статье определено значение средневековой поэзии в истории казахской литературы, а также идейно-художественное своеобразие тюркской литературы. Авторами изучены вопросы как исторического, так и духовного содержания периода средневековья. Рассмотрены проблемы нравственности в средневековой культуре, изменение нравов и причины этих изменений, а также то, как это отражается в произведениях средневековья. Отдельно изучен вопрос о влиянии Корана на произведения средневековья. Авторы пришли к выводу, что основная идея средневековой литературы заключается в том, чтобы объяснить религию ислама народу и призвать его к духовной чистоте. Использование Корана и хадиса Пророка в трудах этой эпохи доказывает огромное влияние ислама на сочинения караханидской эпохи, имеющие преимущественно назидательный характер.

Ключевые слова: средневековая литература, дидактическое произведение, тюркский поэт, дастан, религиозная литература, назидание, восточная поэзия, коран, нравственность.

G.K. Kurmangali, Ashraf Mohamed Attia Abddou

Medieval Literature in Combination with the Koran

The article emphasizes the importance of medieval poetry in the history of Kazakh literature, as well as the ideological and artistic significance of Turkic literature. It analyzes such topics as the state of affairs of the era, moral problems, changing morals which became the basis in the works of the medieval period. In particular, the influence of the Koran on the works of the medieval period is widely discussed. The main idea of the works of the medieval period was to explain the religion of Islam to the people and call them to spiritual purity. Islam influenced the development of medieval literature in Turkic literature, and this can be seen from the use of the Qur'an and the hadith of the Prophet in the writings of that era. The article reveals how medieval poets sang didactic problems, which were the main theme of the works of the Karakhan era and their contribution to the development of Turkic literature.

Keywords: medieval literature, didactic work, Turkic poet, dastan, religious literature, edification, oriental poetry, Koran, describe, moral problems.

References

- 1 Qonyratbaev, A. (1991). *Qazaq folklorynyn tarikhly [History of Kazakh folklore]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 2 Seifullin, S. (1964). *Qazaq adebieti [Kazakh literature]*. Almaty: Zhazushy memlekettik korkem adebiet baspasy [in Kazakh].
- 3 Ganieva, R. (2000). *Tatarskaia literatura (traditsii, vzaimosviazi) [Tatar literature: traditions, interconnections]*. Kazan [in Russian].
- 4 Baitursynuly, A. (2003). *Bes tomdyk shygarmalar zhinagy [Work in 5 volumes]*. Almaty: Alash [in Kazakh].
- 5 Balasagun, Zh. (1986). *Qutty bilik [Gracious knowledge]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].

- 6 Qashkari, M. (1997). *Turk tilinin sozdigi («Diwani lugat-it-turk»)* [Collection of Turkic languages]. Almaty: Khant [in Kazakh].
- 7 Aldaspan. (1971). *XV–XVIII gasyrlardagy qazaq akyn-zhyraularynyn shygarmalar zhinagy* [Collection of works of Kazakh akyn-zhyrau of the XV–XVIII centuries]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 8 *XIX gasyrdagy qazaq poeziiasy (1985)* [Kazakh poetry of the XIX century]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 9 Akhmet, Y. (1985). *Akikat syiy* [The gift of truth]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 10 Egeubaev, A. (1999). *Ezhelgi dauirdegi qazaq adebietinin korkemdik zhuiesy* [The artistic system of the Kazakh literature of ancient times]. Almaty: Aikos [in Kazakh].
- 11 Makhmut, K. (1972). *Akhmad Yuhnakiininh «Khibatul khakaiyk» asari khakida* [The work of Ahmed Yugnaki's «ibibatul ulaqayiq» is about]. Tashkent [in Uzbek].
- 12 Kozha, A.Y. (1993). *Diwani khikmet* [Diwani wiki]. Almaty [in Kazakh].

РЕПОЗИТОРИЙ КАРГУ